

**6D073200 – «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Сиыр және бие
сүті негізіндегі аралас өнімдердің стандарттарын әзірлеу» тақырыбына
орындалған Изтилеуов Максат Карсыбековичтің диссертациялық
жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің
ШҚІРІ**

Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын зерттеу: Қазақстанның сүт өнеркәсібі кәсіпорындарының өндірістік қуаттары ішкі нарықтың ғана емес, жақын шетел нарығының да қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті. Қазақстан Республикасының Үкіметіне талқылауға берілген - 2028 жылға дейін арналған ауыл шаруашылығы өнімдері мен тамақ өнеркәсібін қайта өңдеуді дамыту жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспарында агроөнеркәсіптік кешендегі өңделген өнімнің үлесін 70% дейін жеткізу көзделген. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібі саласындағы ұлттық стандарттардың тізбесін (жаңа стандарттарды әзірлеу есебінен) кеңейту мәселесі көтерілген.

Осыған орай, «Сиыр және бие сүті негізіндегі аралас өнімдердің стандарттарын әзірлеу» тақырыбына орындалып ұсынылған диссертациялық жұмыста функционалды бағыттағы өнім алу үшін бие сүті және өсімдік шикізаты негізінде дайындалған жаңа арнайы сүт қышқылды өнімдерді зерттеу жұмыстарының нәтижелері көрсетілген.

Докторант алған ғылыми нәтижелер және олардың негізділігі: Бие сүтін пайдалана отырып, йогурт технологиясын әзірлеу маңызды әлеуметтік-экономикалық әсері бар өзекті мәселе болып табылады. Бірегей диеталық қасиеттері және бие сүтінің жеңіл сіңімділігі бар йогурттың тағамдық құндылығын бір өнімде біріктіру осы өнімнің тұтынушылық қасиеттерін күрт арттыруға және балалар мен егде жастағы контингенттерді қоса алғанда, тұтынушылық сұранысты кеңейтуге мүмкіндік береді.

Диссертацияның құрлымдық және мазмұндық тұтастығы: Жұмысты орындау барысында алынған йогурт өнімдерінің әр түрлі нұсқаларының органолептикалық және физико-химиялық көрсеткіштері бағаланған. Өнімді құрайтын ингредиенттердің құрамын, химиялық және биологиялық қасиеттерін ескере отырып, ауруларының алдын алуға арналған сүт қышқылды қоспаларын профилактикалық мақсатта қолдануға негізделген өнімнің артықшылығы айқындалған. Сүт және өсімдік өнімдерінің пайдалы қасиеттерін комбинацияда қолдану құрамы мен қасиеттері бойынша үйлесімді композиттер алуға мүмкіндігі зор екендігі анықталған.

Алиментарлы құрамы жағынан көп қоректік және күрделі, әртүрлі сүт шикізаты негізінде өндірілген йогурттар мен йогурт өнімдері сияқты өнімдерді бақылау параметрлерінің қадағалануы жан-жақты зерттелген:

- Көкөністекті қоспа қосылған сүтқышқылды жаңа өнімге квалиметриялық бағалау жүргізілді, физикалық-химиялық көрсеткіштері анықталды, органолептикалық профилограммасы құрылды;

- Көкөніс қоспалары бар сиыр мен бие сүті негізіндегі сүт өнімдерінің май қышқылдық құрамы анықталды;
- Жаңа өнімнің сапа көрсеткіштері бекітілген ұйым стандарты әзірленді.

Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі:

Диссертациялық жұмыстың бөлімдері мен қағидалары барлық зерттелген мәселелерді құрылымдық тұрғыдан біріктіретін тұтас, логикалық жүйе болып табылады. Материалды ұсынудағы логика мен жүйелілікті және жұмысты орныдау реттілігі бір бірімен байланысқан.

Ғылыми зерттеу нәтижелері заман талабына сәй әдістерді, құралдарды және жабдықтарды пайдалану жолымен алынды, олардың дәлділік деңгейі жоғары.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі: Диссертациялық жұмысты орындау барысында М. Қ. Изтилеуов өзін сауатты маман ретінде көрсете алды. Әрдайым білімін шыңдап, әдебиет көздеріндегі ақпаратты ғылыми түрде сараптай, талдай алды. Өздігінен алдына мақсаттар мен міндеттерді дұрыс қоя біледі және оларды шешуге қабілетті.

Қорытынды: Жоғарыда берілген мәліметтерді ескере отырып, Изтилеуов Мақсат Қарсыбекович диссертациялық жұмысын Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрілігі, ғылым және жоғарғы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға сай келеді, ал ізденуші 6D073200 – «Стандарттау және сертификаттау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,
техника ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі

А.Б. Оспанов